

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 5 тамыздағы N 870 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 12 желтоқсан N 1306

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Семей қаласындағы Ертіс өзені арқылы көпірді пайдалануға қабылдау жөніндегі мемлекеттік комиссияны құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 5 тамыздағы N 870 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 - т а р м а қ т а :

Семей қаласындағы Ертіс өзені арқылы көпірді пайдалануға қабылдау жөніндегі мемлекеттік комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

Әлмұхамбетов	- Қазақстан Республикасының
Орал Жексембайұлы	Әділет министрлігі Мемлекеттің
	мүліктік құқықтарын қорғау,
	шарттар және талап-қуыным
	жұмысы басқармасы мемлекеттің
	мүліктік құқықтарын қорғау

бөлімінің бастығы;

Әріпханов	- Қазақстан Республикасының
Айдар Әбдіразақұлы	Қаржы министрлігінің Мемлекеттік
	борыш және несие беру департаменті
	қарыз алу басқармасының бастығы;

м ы н а ж о л д а р :

"Шардарбек	- Қазақстан Республикасының
Шәріпбек Шардарбекұлы	Экономика және сауда
	министрлігінің Құрылыс істері
	жөніндегі комитетінің төрағасы,

төрағаның орынбасары;

Өтеғұлов	- Қазақстан Республикасы
Мәулен Амангелдіұлы	Қаржы министрлігінің Мемлекеттік
	қарыз алу департаменті директорының
	міндетін атқарушы";

мынадай редакцияда жазылсын:

"Шардарбек	- Қазақстан Республикасының
Шәріпбек Шардарбекұлы	Индустрия және сауда министрлігі
	Құрылыс істері жөніндегі

комитетінің төрағасы,

төрағаның орынбасары;

Өтеғұлов
Мәулен Амангелдіұлы

- Қазақстан Республикасы
Экономика және бюджеттік жоспарлау
министрлігі Жоспарлау, мемлекеттік
қарыз алу және несие беру

департаментінің директоры";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мемлекеттік комиссия құрылыстың аяқталысымен Семей қаласындағы Ертіс өзені арқылы өтетін көпірді пайдалануға қабылдап алу туралы актіні Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне ұсынсын".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі